

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Абай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 10 наурыздағы № 43 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 болып, тіркелген) сәйкес, Абай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Абай облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Абай облысы бойынша филиалына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкіне енгізісін;

2) осы қаулының Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғанынан кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, 1-тармақта туындаған құқықтық қатынастар 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

Абай облысының әкімі

Б. Уәли

Абай облысы әкімдігінің
2026 жылғы "10" наурыздағы
№ 43 қаулысына
1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

P/c №	Аймақтың атауы	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері				
		Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)		
				10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	9 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	10,5 сағаттық болу режимі бар түзету топтары
1.	Абай ауданы	ауыл	807	67 251		
2.	Аягөз ауданы	ауыл	697	67 024		
		қала	2 353	60 600		
3.	Бесқарағай ауданы	ауыл	153	67 251		
4.	Бородулиха ауданы	ауыл	631	67 024		
5.	Жарма ауданы	ауыл	855	67 024		
6.	Жаңасемей ауданы	ауыл	95	67 024		
7.	Көкпекті ауданы	ауыл	624	66 797		
8.	Курчатов қаласы	қала	590	60 600		
9.	Семей қаласы	қала	12 183	60 600		
	Семей қаласы түзету тобы	қала	242			107 950
10.	Ақсуат ауданы	ауыл	748	66 797		
11.	Үржар ауданы	ауыл	376	66 797		
12.	Мақаншы ауданы	ауыл	292	66 797		
	Барлығы	20 646				

Абай облысы әкімдігінің
2026 жылғы "10" наурыздағы
№ 43 қаулысына
2-қосымша

2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Аймақтың атауы	Айына ата-ананың ақы төлем мөлшері (теңге)	
	Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері	
		Балалардың толық күн болатын шағын

Р/с №		Тәрбиеленушілер саны	Балабақша / балабақша (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	орталығы (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)
11.	Абай ауданы	807	3 жасқа дейін-14000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -15000	3 жасқа дейін-14000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін-15000
2.	Ақсуат ауданы	748	3 жасқа дейін-19500 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -22000	3 жасқа дейін-19500 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -22000
3.	Аягөз ауданы	3050	3 жасқа дейін-18000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -22000	3 жасқа дейін-18000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін-22000
4 4.	Бесқарағай ауданы	153	3 жасқа дейін-15000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -17000	3 жасқа дейін-15000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін-17000
5.	Бородулиха ауданы	631	3 жасқа дейін-16000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -19000	3 жасқа дейін-16000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -19000
6.	Жарма ауданы	855	3 жасқа дейін-17000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -19000	3 жасқа дейін-17000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін-19000
7.	Жаңасемей ауданы	95	3 жасқа дейін-16000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -19000	3 жасқа дейін-16000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -19000
8.	Көкпекті ауданы	624	3 жасқа дейін-16000, 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -19000	3 жасқа дейін-16000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -19000
9.	Курчатов қаласы	590	3 жасқа дейін-19500 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -23000	3 жасқа дейін-19500 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін-23000
10.	Семей қаласы	12 425	3 жасқа дейін-22370 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -29438	3 жасқа дейін-22370 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін-29438
11.	Үржар ауданы	376	3 жасқа дейін-15000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -20000	3 жасқа дейін-15000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін-20000
112.	Мақаншы ауданы	292	3 жасқа дейін-12000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін -16000	3 жасқа дейін-12000 , 3 жастан бастап 7 жасқа дейін-16000
	Барлығы	20 646		